


МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «Ә» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
IV (23- 27 қараша 2020 ж.)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: 

Аманшесева А.Ж

Тәрбиеші: Бурунбаева М.Ж

Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Дидактикалық ойын: Мозайка құрастыру. Мақсаты: баланың ойлау қабілетін жетілдіру.	«Кім тез жинайды?» Мақсаты: Көкіністер мен жемістерді айыра білуге, топқа бөле білуге, шапшаңдыққа баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу.	Сюжеттік рөлді ойындар Аспазшы Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Аспазша әр түрлі тағам түрлері туралы әңгімелейді.	Дидактикалық ойын: «Тез, ақырын», Мақсаты: балаларға тақпақтарды, жаңылтпаштарды тез және ақырын айтуға үйрету.	« Қателеспе» Мақсаты: Спорт түрлерін анықтауға және білімдерін бекітуге жаттықтыру. Спортпен шұғылдануға деген талабын арттыру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	1. Сауат ашу: Тақырыбы: « Менің айналамда кімдер бар?Менің отбасым. У дыбысы мен әрпі» Мақсаты: У дыбысымен таныстыру. «У»дыбысы бар сөз,сөйлем, ойлап Сөз/сөйлем сызбасын оқу. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу. Педагог балаларды шаттық шеңберіне тұрғызады. – Қәне, балалар барлығымыз отбасымызға жақсы тілектер тілейікші! – Ата-анам ауырмасын! – Үлкендерді сыйлайық! – Анамызды ардайық! Педагог балаларды шаттық шеңберіне тұрғызады. – Қәне, балалар барлығымыз отбасымызға жақсы тілектер тілейікші! – Ата-	1. Математика негіздері Тақырыбы:« Қатарға тұрамыз.Алдыңғы. Кейінгі.» Мақсаты: Кез келген санды бір санға арттырса, одан кейінгі сан шығатынын түсіну. Кез келген саннан бір санды кемітсе, одан бұрынғы (алдындағы) сан шығатынын түсіну. Педагог тәрбиеленушілерді бойларына қарай қатарға тұрғызып, мұның не үшін керек екенін түсіндіреді. үлестірмелі материалды қолдана алады.Ол балаларға бірінші не, екінші не бейнеленгенін айтуларын сұрайды. Реттік санауды дұрыс айтқан балаларды мадақтайды. Бүгінгі сабақта реті бойынша тұрған заттарды дұрыс атауды үйренетіндерін айтады. Педагог балаларға әліппе-дөптердегі № 1 тапсырма- ның суретін карап, балалардың футболкаларындағы нөмірлері бойынша алдыңғы және кейінгі баланы атауды сұрайды. Одан кейін балалар педагогпен бірге 10-ға дейін санамақ- әнді орындайды	1. Сауат ашу. Тақырыбы: Ақылды ешкі. Ш дыбысы мен әрпі Мақсаты: Ш дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. «Ш»дыбысы бар сөз,сөйлем, ойлап табуына назар аудартып,сөздік қорларын дамыту. «Ш» әрпін таныту. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Тәрбиелі баламыз, Амандасып аламыз. (У)Педагог слайдтан бақташының суретін көрсетеді (слайдта ешкі бағып жүрген бақташы жүреді) Балалар слайдтан не көріп тұрсындар? Ешкі қандай жануар? Ешкінің төлін не деп атаймыз? Ешкі бізге не береді? Балалар педагог сұрақтарына жауап беріп слайдтағы көрініс туралы пікірлеседі1-тапсырма Педагог балаларға сөйлем оқып береді. Балалар мұқият тыңдап,	1.Қоршаған ортамен таныстыру: Тақырыбы: « Бағдаршам және көлік түрлері» Мақсаты: Бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру.Көше жағдайындағы кеңестікті бағдарлай білу дағдыларын,зейіндерін дамыту Шаттық шеңбері Арайлы таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды даламыз, Жайнай берсін қаламыз. Балалардың әртүрлі көлік қозғалысы туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап бергіздірту. Көлік түрлерін сипаттап және ажыратып беру. «Көліктер мен байланыс құралдары жок болса, онда не болады?» деген сұраққа жауап алады.: – Бір жерден екінші жерге қатынау қиын болады. Жолаушылар баратын жеріне уақытында бара алмайды. Телефон, электронды пошта болмаса, бірден хабар ала алмай қаламыз. Алыста тұратын адамдар жақындарымен хабарласа алмай қалады. Педагог «Көлік» атты мультфильм карауды	1. Өзін-өзі тану: Мақсаты: Достарға көмек көрсетуді үйренеміз» Мақсаты: Балалардың өзіндік «Менің» ұғындыру Бүгінгі оқу қызметінде біз өзіміздің ең жақын адамымыз достар туралы әңгімемізді жалғастырамыз. Жана оқу қызметінің тақырыбы «Достық көмек» -Балалар «Дос» дегенді қалай түсінеміз? -«Досына көмектесу» дегенді қалай түсінеміз? Жетекші: Достарына отбасы мүшелері сияқты жақсы көріп, сыйласып, оларға әрқашан көмек көрсетулерің қажет. Достар әрқашан бір-біріне көмектеседі,бір-бірімен жанжалдаспайды, өтірік айтпайды.Балалар сендер бір топтың балаларысындар сондықтан бір-бірінмен

<p>анам ауырмасын! – Үлкендерді сыйлайық! – Анамызды ардайық! Педагог балалардың назарын оқу қызметіне тарту мақсатында балалармен «Отбасым – берекем!» қимылды ойынын ойнатады. Барлық балалар шеңбер жасап тұрады. Педагогтің белгісімен отбасы мүшелерін айтып, бір қолымен екінші қолының саусақтарын бір-бірлеп жұмады. Егер саусақтары жетпей қалса, артқа қарай адымдап, қалған отбасыларын атайды. Көп адымдаған балаға «Үлкен отбасы» деген атақ беріледі. Ол бала қалған балаларды бақылаушы болады. Тапсырма орындамас бұрын педагог балаларға жұмбақ жасырады. Маған да, саған да, Жақын туыс бес адам. Үш әріптен тұратын. Оңға оқы, солға оқы Өзгермейді еш одан. Бәрі де өз жұртың Айтады, кәне, кім атын? (Ана, апа, аға, іні, ата) Өліппе-дәптермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма. Педагог: Балалар жұмбақтың жауабында аталған отбасы мүшелерінің есімдерінен У дыбысы естіле ме?</p> <p>1. Отбасы мүшелерінің есімдерінен У дыбысын ізде. Суретте берілген отбасы мүшелері туралы әңгімелейді. Педагогтің көмегімен отбасы мүшелерінің аттарымен атайды. 2-тапсырма. Педагог өлең жолдарын</p>	<p>Сергіту сәті. Педагогтің қалауы бойынша. Келесі тапсырмада балаларға 11-ден 20-ға дейінгі сандардың реттік қатарында қалып қойған цифрлары бар жапсырмаларды жапсыру ұсынылады. Өліппе-дәптердегі 2-тапсырмада балаларға шырғалаң суретте цифрларды тауып, оларды қоршау және бояу ұсынылады. Өліппе-дәптердегі 3-тапсырмада балалар реттік тәртіппен цифрларды сызып біріктіреді. Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабактағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.</p> <p>2. Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: Спорт – денсаулық кепілі</p> <p>Мақсаты: Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау. Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру. Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау. Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру</p> <p>Шаттық шеңбері</p> <p>Шынықсаң, шымыр боласың, Сауығып, айдай толасың. Спортты серік ете біл, Жақсы азамат боласың. Педагог балаларға «Деніміз сау болу үшін тағы не істеуіміз керек?» деген сұрақ қояды.</p> <p>Мақалдың мағынасын түсін.</p> <p>Педагог балаларды мақалмен таныстырады.</p> <p>«Дені саудың – жаны сау».</p> <p>Балаларға мақалдың мағынасын түсіндіру.</p> <p>Адамдар әрқашан қимыл-қозғалыста жүрсе, организміндегі қан айналысы да қозғалыста болып, жұмысы жақсарады. Ауруларға қарсы тұра алатын болады.</p>	<p>педагог сұрағына жауап береді <i>Ешкі лақтарын жақсы көреді. Оларға арнап қарбыз екті. Ол шаршады.</i> Балалар неше сөйлем тыңдағандарын айтады. Педагог әр сөйлем сайын тоқтап оқиды. Соңғы сөйлемде неше сөз барын табады. Суреттегі шелек, шегелерді аттарымен атап, қандай дыбыспен басталып тұрғанын табады. Ш дыбысын айтады. Ерін аздап дөңгеленеді және жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрын жолын бітейді. Әңгіме желісі бойынша сұрақтарға жауап береді. Ешкі қарбызды не үшін екті? Ешкіге сен қалай көмектесер едің? Ешкі сөзінде Ш дыбысы нешінші тұр? Балаларға педагог шарбақтың суретін көрсетін түсінік береді. <i>Шарбақ</i> сөзін буынға бөледі. 2-тапсырма. Ешкінің еңбек құралдарын атап, Ш дыбысын ізде. Сызбаның қай суреттің атауы екенін тап. Суреттегі заттарды атайды. <i>Шелек, шар, тырнауыш, шеге</i> Ш – қатаң дауыссыз дыбыс. Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. 3-тапсырма. Ш әрпімен танысайық. Ш әрпі неге ұқсайды? Сергіту сәті. Шөре, шөре лағым, Тентек болма, шырағым! Секеңдеме, демінді ал, Селтендемей құлағың! Өлең жолдарын 2-3 рет қимылмен айталайды. 4-тапсырма. Педагог балаларға шарбақтың, тарақтың суретінің Ш дыбысына ұқсайтынын салыстырып айтып көрсетеді. Балалар тарақтың тістерін домалақтап Ш дыбысын бейнелейді. Ешкінің он шарбағынан Ш дыбысының тістерін санап қоршап</p>	<p>ұсынады. Сол көрген мультфильмен не түсінгендері туралы әңгімелеседі.</p> <p>– Балалар, мына суретте нелер бейнеленген? (Ұшак, троллейбус, автобус, кеме).</p> <p>– Бұлардың барлығын бір сөзбен атауға бола ма? (Көлік).</p> <p>– Балалар, мен қазір сендерге жұмбақтар жасырамын. Сендер жауабын тауып, қандай көлік түрлері екенін табасындар.</p> <p>Жұмбақ шешу.</p> <p>Аспанда жүзеді, Қанатын қақпайды. Жерде де жүреді, Бауырлап жатпайды. (Ұшак)</p> <p>Бір-біріне қарап үйлер тіркесіп, Қара тұлпар жүр әрі-бері көшіп. (Пойыз)</p> <p>Сымға асылып, Жүр асығып. Дыз-дыз етіп жүрегі, Сымнан ұстап жүреді. Өзіне адам мінеді, Ол не, ал кім біледі? (Троллейбус)</p> <p>суретпен жұмыс.</p> <p>Суретте көлік түрлері бейнеленген. Осы көлік түрлеріне мұқият қараңдар. Олардың ортақ белгілері не? (Дөңгелектер)</p> <p>Ал оларға дөңгелектер не үшін қажет? (Жүру үшін).</p> <p>Ал автобус, мәшине, пойыз қайда жүреді? (Жерде рельс арқылы жүреді).</p> <p>Тақтадан жерде жүретін тағы да қандай көлік түрлерін көріп тұрсындар? (Трамвай, троллейбус)</p> <p>– Мәшинені жүргізетін адамды кім деп атауға болады?</p> <p>– Жүргізуші, ең бастысы, нені білуі керек?</p> <p>– Жүргізуші жолда жүру ережелерін сақтау, үйрену арқылы адамдардың өзінің өмірін және денсаулығын сақтайтындығы түсіндіріледі.</p> <p>– Әртүрлі көлік түрлерін не үшін ойлап тапқан? (Жердің әр түкпіріне, қалаларға, басқа елдерге жету үшін)</p>	<p>доссындар, татусындар. Жетекші: Балалар, өмірде бір-бірімізбен «Кел, дос болайық» деп дос бола салмаймыз. Достық бір-бірімізге деген адал көңілімізден, жақсы, әдепті қылықтарымыздан, өзара сыйластық пен татулықтан, бір-бірімізге көмек көрсету арқылы бірте-бірте қалыптасатын сезім.</p> <p>Д/О: «Досыңның көңіл-күйі қандай?»</p> <p>Жетекші: Балаларға суреттегі бет бейнелерді көрсетіп, досыңның көңіл-күйі қандай</p> <p>1. Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз Бөлінбейді іргеміз. Өрқашанда біргеміз.</p> <p>2. Достарды біз қолдаймыз Қиын шақта қолдаймыз, Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз!</p> <p>ертегі оқу</p> <p>«Арыстанмен тышқанның достасуы» ертегі.</p> <p>2. Музыка</p> <p>1. Тақырыбы: «Спорт біздің досымыз»</p> <p>Мақсаты: Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын) тембріне қарап ажырату</p> <p>Тыңдау: «Спорт маршы» (В. Соловьев – Седой)</p> <p>Ән айту. «Аяқдопшы» (Т. Кудинова, Б. Тобаяков)</p> <p>Музыкалық ырғақты қозғалыс:</p> <p>«Лентамен жаттығулар» (Вальс) (Д. Шостакович)</p>
--	---	---	--	---

<p>оқып береді. Балалар мұқият тыңдап, естеріне сақтайды. – У – бірде дауысты, бірде дауыссыз дыбыс. Педагог У дыбысының дауысты дыбыстан кейін тұрса, дауыссыз болатынын, көк түсті дөңгелекпен, ал дауыссыз дыбыстан кейін естілсе, дауысты болып, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейтіндерін айтып түсіндіреді. Балалар «Тау» сөзін қайталап, дыбыстық талдау жасады 3-тапсырма. У әрпімен танысайық. Педагог У әрпінің суретін көрсетіп, бұтақтың суретіне назар аудартып, ұқсастықты айтады. Балалар бұтақты саусақ ұшымен бастыра салып, сосын ауада салып көрсетеді Сергіту сәті Шеңбер болып тұрамыз, Керегені құрамыз, Уықтарды көтеріп, Шаңыраққа тірейміз. Жоғары біздің шаңырақ, Күн сәулесін шашады. Киіз үйде жиналып, Отбасымыз бақытты! Өлең жолдарын қимылмен қайталайды. Балаларға ой тастайды. Балалар У дыбысының бейнесіне қарап отырып, өздеріне қанша таяқша керек екенін, және қалай жасауға болатыны туралы пікірлеседі.</p> <p>2. Музыка Музыка: 1. Тақырыбы: «Спорт біздің досымыз» Мақсаты: Музыкалық дыбыстың негізгі</p>	<p>Адам денсаулығына жақын достар – тазалық, спорт, таза ауа, күн тәртібі. Шынықтыру дегеніміз не? Ол не үшін қажет? Шынықтырудың қандай түрлерін білесіңдер? Әліппе-дәптермен жұмыс: 1-тапсырма. Сурет бойынша әңгімеле. – Суретте қандай спорт түрі бейнеленген? – Араларыңда спортшы боламын дейтіндер бар ма? – Спортшы қандай болуы керек? Сергіту сәті: Төсектен тұрғанда, Секіріп тез тұрма. Келтіріп денеңді, Жадыра, бос тұрма Әліппе-дәптермен жұмыс: 2-тапсырма. «Қалай аталады?» ойыны – Спортпен айналысатын адамдарды қалай атаймыз? (<i>Спортшы</i>) – Хоккей, бокс, футбол және жүгірумен айналысатын спортшыларды қалай атайды? (<i>Хоккейші, боксшы, футболшы, жүгірік</i>) – Спортшылар жаттығатын жер қалай аталады? (<i>Жаттығу залы</i>) – Спортшыларды жаттықтыратын адамды қалай атайды? (<i>Жаттықтырушы</i>) Әліппе-дәптермен жұмыс: 3-тапсырма. Жазғы олимпиада ойындарын жасыл түспен, қысқы ойындарды көк түспен белгілеп көрсет. Сөздік ойын: «Сөйлемнің қатесін тап». Педагог сөйлемді дұрыс айтпайды, ал балалар сөйлемнің қатесін тауып айтады. – Қоңыз Асанды тауып алды. (<i>Асан қоңыз тауып алды</i>)</p>	<p>белгілейді. Ш дыбысының баспа түріне қарап белгілейді Шарбақ пен тарак тістерін Ш әрпіне ұқсатып қоршағанда қай суреттен артық тістер қалғанын айтады. Неге артық қалғанын түсіндіреді. Балалар жазу дәптеріне Ш әрпінің баспа түрін жазады</p> <p>2. Дене шынықтыру. 1. Тақырыбы: Баскетболшыларды жұппен жаттықтыру (негізгі қимылдар) Бір-біріне бастан асырып доп лақтыру (қашықтық 3 метр) (негізгі қимылдар) Балалармен баскетбол добын қарастырыңыз, оның ерекшелігіне назар аударыңыз. Баскетбол добын футбол добымен және волейбол добымен салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау ұсынылады. Баскетбол ойынының ережелерімен таныстырыңыз. Спортшылардың тамақ рационына назар аударыңыз. Бағытты өзгерте отырып, бір қатар саппен шеңбер бойлай жүру және жүгіру. Кедергі заттар арасымен жүру және жүгіру. Кедергі заттардан аттап өте отырып жүру Доппен орындалатын ЖДЖ Доппен түрлі қимылдар жасауды ұсыныңыз. «Мойын айналасында». Допты бір қолдан екінші қолға өткізе отырып, мойын айналасымен екі бағытқа кезек доп айналдыру. «Дене айналасында». Допты бір қолдан екінші қолға өткізе отырып, дененің айналасымен</p>	<p>– Ал, егер де біз алыс елге барсақ... 2-тапсырма: Өзің тұратын жерде қандай көлік түрлері жүреді? Ауадағы, судағы және жердегі көлік түрлерінің біреуін белгіле. (Жердегі көлік) Өз үйіңді тап!» ойыны – Ұшақтар қайда қонады? (Әуежай) – Міне, бұл біздің әуежай болады. (Ойыншық ұшақты қояды). – Ал жолаушылар жағаға шығу үшін кемелер қайда жүзіп келеді? Кемежайға – Бұл біздің кемежай болады. (Ойыншық кемеңі орындыққа қояды). – Ал жерде жүретін көлік жұмыстан кейін қайда келеді? (Гаражға). астырып тұрады. сергіту сәті: Ал, паровоз, баста алға, Бәрімізді басқар да. Піш-піш, піш-піш, біз кеттік, Жүрісті тым үдеттік. Кәне, кімнің бойы ұзын? Паровозы ол пойыздың. Қатар-қатар тұрайық, Пойызды біз құрайық Бағдаршамы бар көше мен бұрылыстарға саяхат жасату. Балалардың назарлары бағдаршамның жұмысына, машиналардың арлы-берлі жүруіне, жаяу жүргіншілердің іс-әрекеттеріне назар аударылады. Жол жүру ережелерімен таныстырады. Жол белгілерінің суреттерін көрсетеді, олардың көлік қозғалысын реттеп, көлік жүргізуші мен жаяу жүргіншінің маңайдағы жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілер екенін айтып түсіндіреді. Ө. Табылдының «Бағдаршам» деген өлеңін оқу. Дидактикалық ойын «Көлік түрлері қайда?» ойыны. Сурет бойынша жолда жүру ережелерін еске түсірту, қайталату. Суреттегі көлік түрлерін үш топқа бөліп атау. «Суретте не артық?» дидактикалық ойынын жүргізу. Суреттегі көлік түрлерін бір-бірімен</p>	<p>3 Дене шынықтыру . Тақырыбы: Шымыр болам десең – шынық! (негізгі қимылдар) Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Балалар спорт түрлерін элементтеріне қарап табады, өздерін спортшы ретінде елестету ұсынылады. «Жеңіл атлетика» Аяқ ұшымен жүру, жүгіру – тізені жоғары көтере отырып аяқты артқа қарай тізеден қатты бұғу. Әрбір қозғалыс түріне сәйкес қол қимылдарын жасауға назар аударылады. тыныс алу жаттығулары «Біз спортпен айналысып, тез өсеміз»: аяқтың ұшына көтеріліп, қолды жоғары көтеріп, демді ішке тарту. «Күн сайын биік боламыз»: қолды төмен түсіріп, табанмен толық тұру – демді сыртқа шығару. Ептілікті дамытуға арналған жалпы дамыту жаттығуы. Гимнастикалық орындықпен жүру, әрбір қадам сайын тіктеп жоғары көтерілген аяқтың астынан шапалақтау. Нұсқау – тепе-теңдік сақтау, денені тік ұстау; орындықтан түскенде алдымен аяқтың ұшымен түсу, содан кейін бүкіл</p>
--	--	---	--	---

<p>қасиеттерін ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын) тембріне қарап ажырату</p> <p>Тыңдау: «Спорт маршы» (В.Соловьев–Седой)</p> <p>Ән айту. «Аяқдопшы» (Т.Кудинова, Б.Тобаяков)</p> <p>Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Лентамен жаттығулар» (Вальс) (Д.Шостакович)</p> <p>3. Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Жануарлар қайда мекендейді?»</p> <p>Табиғат бұрышындағы жануарларға қамқорлық.</p> <p>Мақсаты: Ұй жануарлары мен жабайы жануарларды атап, сипаттау. Табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау. Сабағымыз басталып Көңіл күйді сыйласын. Өлең оқып, ән салып, Мейірімділік жайласын. Айтқанның бәрін түсініп, Күнде бестік алайық! Үйімізге кешкісін Қуанышпен барайық! Педагог ұй жануарлары мен жабайы жануарлар бейнеленген суреттерді ұсынады. Балалар суреттер бойынша жабайы жануарлар мен ұй жануарларын ажыратады, пайдасы мен зияны туралы әңгімелейді. Сонан соң балалар ҰОҚ тақырыбын анықтайды: «Жабайы және ұй жануарлары, мекендейтін жерлері». Педагог балалардың жабайы және ұй жануарлары туралы білетіндігін анықтайды. Нені білу керек?</p>	<p>– Диван мысықта ұйықтап жатыр. <i>(Мысық диванда ұйықтап жатыр)</i></p> <p>– Қоянның үйінде Айнұр бар. <i>(Айнұрдың үйінде қоян бар)</i></p> <p>– Елжас араны шағып алды. <i>(Ара Елжасты шағып алды)</i></p> <p>Жұмбақ шешейік. Жерге тимей жотасы, Атанған күш атасы, Айбаттыны кім дейді, Қайраттыны кім дейді? <i>(Палуан)</i></p> <p>3. Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Пайдалы тағамдар» елі</p> <p>Мақсаты: Заттарды жерге, суға, аспанға қатыстылығы бойынша орналастырып, заттардың және зат бөлшектерінің пішінін, пропорцияларын, түсін есепке ала отырып, кеңістіктік арақатысын бейнелеу.</p> <p>Сабақта оң көңіл күй қалыптастыру</p> <p>Педагог шаттық шеңберін құруды ұсынады.</p> <p>Н.Айтовтың өлеңін оқиды.</p> <p>Қызыл-жасыл, қарасын Қолға кезек аласың.</p> <p>Қарындашпен әртүрлі, Алуан сурет саласың.</p> <p>Қарындаштың көмегі, Міне, қандай көп еді.</p> <p>Ұштай біл де, ұстай біл, Түрлі өрнек төгеді.</p> <p>Педагог сурет галереясына баруды ұсынады.</p> <p>Жылдың бір мезгілінің галереясына шақырады.</p> <p>Суреттерде қай жыл мезгілі бейнеленген?</p> <p>Сендерге осы сөзді әрлендіретін неғұрлым көп анықтама табу қажет.</p> <p>Галереяда қай сурет артық? Неліктен? Айсұлу дүкеннен пайдалы тағамдарды сатып</p>	<p>екі бағытқа кезек доп айналдыру.</p> <p>«Аяқ айналасында». Бір аяқты алға қою. Допты бір қолдан екінші қолға өткізе отырып, алға қойылған аяқтың айналасымен екі бағытқа кезек доп айналдыру. Баскетбол: 5 метр қашықтыққа алға жылжи отырып, оң және сол қолмен кезек-кезек допты жерге соғу.</p> <p>Нұсқау: доп қозғалысын тура алдыңнан емес, өзіңнің бір жағына қарай бағыттау (өйткені допқа аяқ тиіп кетуі мүмкін).</p> <p>Егер доп оң қолмен соғылса, оң аяқтың бас жағынан оңға қарай соғылуы тиіс.</p> <p>Қолмен 5 метр арақашықтықты жүру (бір бала екінші баланың аяғын көтеріп ұстайды, екінші бала қолымен жүреді) Бір орнында қос аяқты серпе отырып, 30 см биік заттың үстіне қарғып шығу – жерге екі аяқтап түсу. Секіретін жолаққа келіп қолды сермей отырып, бар күшпен қос аяқты серпуге тырысады. Жерге түскенде аяқты тізеден сәл бүгіп, қолды алға қарай жазады.</p> <p>3. Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: Тиімді тамақтану</p> <p>Мақсаты: Шағын мәтіндер, балалар тақпақтарының мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру.</p> <p>Біз қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз. Жарқыраған күндейміз, Ренжуді білмейміз.</p> <p>Балалар қимылықозғалыс жасап көрсетеді Сендер тамақтанғанда өздерің қалаған асты ішкілерің келе ме? Тамақтану кезінде дәруменге</p>	<p>салыстыру.</p> <p>Жаяу жүргіншілер қай жермен жүру керек?</p> <p>Жаяу жүргіншілер көшенің қай жерінен қиып өте алады? Өзің тұратын жерде қандай көлік түрлері бар?</p> <p>Аула бағдаршамы, жол, көліктер. Не артық ойынына суреттер Балалар жол ережелерін тыңдап, қайталап айтып береді, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Ойын ойнайды</p> <p>Жолда жүру ережелерін қайталайды, сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды орындайды.</p> <p>2. Апликация</p> <p>Тақырыбы: «Атамның торсығы»</p> <p>Мақсаты: Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін кино(жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп кино, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын кино арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу). «Мейірім гүлшоғы». Балалар шеңберге тұрады. Олардың әрқайсысында гүл болады, гүлді мейірімді тілектер айтып, бір-біріне сыйлайды. Нәтижесінде мейірім шеңберін бастаған балаға гүл шоғы беріледі саусақтарға арналған жаттығу</p> <p>1. «Сақиналар». Алдымен оң қолмен, одан кейін сол қолмен кезек-кезек сақина жасай отырып, бас бармақтың ұшына әрбір саусақтың ұштарын тигіз. Жаттығудың соңында екі қолмен бірдей жасау керек.</p> <p>2. «Жұдырықтың қыры – алақан». Үстел бетінде қолды үш жағдайда ұстау. Жұдырық, кейін қолды ашып, қырымен ұстау, одан соң ашық алақанды үстел үстіне салу. Алдымен оң қолмен, кейін сол қолмен, соңында екі қолмен бірдей жасау керек.</p> <p>3. «Нөл» Апликацияны орындау технологиясы. Педагог балалардың</p>	<p>табанмен тұру. Биік нәрсе үстінде жаттығу орындаған кездегі қауіпсіздік техникасы туралы ескертіледі, қажет жағдайда сақтық шаралары қабылданады. Балаларға ұсыныңыз. «Баскетбол» Баланың жоғары көтерілген қолынан 30 см биіктікке ілінген затқа (таспа) жүгіріп келіп секіріп қол тигізу. Нұсқау – қолды сермеу қимылы мен аяқты серпу күшін үйлестіру. Көрсету кезінде тым алыстан емес және таспаға жүгіріп келмей, аяқты тиісті жерде серпуге назар аударылады. Қауіпсіздік техникасы: таспаға тек қолұшын тигізу, іс-әрекетті саптан бір баладан ғана орындау. «Волейбол» Бір-біріне екі қолмен кеуде тұсынан керілген жіп (тор) арқылы доп лақтыру</p> <p>3.В.к Ойламыз, ойнаймыз</p> <p>Тақырыбы: Геометриялық фигураламен танысу.</p> <p>Мақсаты: Фигуралар суреттері Геометриялық фигуралардың әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру. Серіту сәті.</p> <p>Қарға біздің қар, қар, Сауысқаныс санқ, санқ. Торғайларым шик, шик Жапалағым ух, ух.</p>
---	---	---	--	--

<p>(Мақсатты болжам). Жабайы және үй жануарлары несімен ұқсас және несімен ерекшеленеді? Педагог жабайы және үй жануарларына анықтама береді. Жабайы және үй жануарларына мысал келтіруді сұрайды. Жайлаудың көк майса шөбінде мал жайылып жүр – қойлар, сиырлар, жылқылар Көршісімен «Артығын тап!» ойынын ойнауды ұсынады. Бұл ойын үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратуға үйретеді. Қалай ойлайсындар, жануарлардың қайсысына өмір сүру қиынырақ: жабайыларына ма, жоқ, үй жануарларына ма? Неге олай ойлайсындар?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қандай жануарлар қауіптірек? Неге? Педагог жануарлардың әрқайсыларының үйі қайда екенін табуға көмектесулерін сұрайды. Сызып көрсету. <p>Үй жануарларының қоректері туралы әңгімелеу. Жануарларды қоректерімен сәйкестендіру: түйе – жантақ, жылқы – шөп, қоян – орамжапырақ т.б.</p> <p>4.В К Ұлттық ойындар Тақырыбы: «Біздің ойындар» Мақсаты: Балаларды ойнаған ойындар туралы сурет салуға үйрету. Көрме</p>	<p>алды. Досыңа олардың несімен пайдалы екендігін айтып бер. Айсұлу мен Қуаныш дәмділік елін салды. Суретке атау беріңдер. Суреттен дәмді не көріп тұрсындар? Дәмділік елінде қандай пайдалы тағамдар бар?</p> <p>Саусақ жаттығулары Қолымда менің бес саусақ, (Жұдырықты ырғақпен жұмып ашады. Санау арқылы саусақтарын бүгеді.) Бес қармауыш, бес ұстауыш. Кесу үшін, сүру үшін. Беру үшін, алу үшін. Оларды санау қиын емес: Бір, екі, үш, төрт, бес.. Қауіпсіз жұмыс жасау техникасы Педагог тәрбиеленушілерді жұмыс орнын тазалықта ұстау қажеттілігіне ынталандырады. Жұмыстың орындалу технологиясы (Жұмысты сатылай орындау ретін түсіндіру). Әліппе-альбоммен жұмыс. Әліппе-альбоммен жұмыс. Педагог қалыпты емес сурет салу техникаларын пайдаланып, пайдалы дәмді тағамдар елін бейнелеуді ұсынады. «Пайдалы дәмді тағамдар» балалар жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылады. Педагог балалардан өз пейзаждары туралы әңгімелеп, суретке атау беруді сұрайды.</p> <p>4. Орыс тілі: 1. Тема: « Будем спортом заниматься» Цель: отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку), словами и повторяющихся слов по лексическим темам. короткими фразами Дидактическая</p>	<p>бай тағам, жемісжидекпен тамақтансаңдар, бойларың да, ойларың да тез өсіп жетіледі. Ағзаларыңда дәрумен көп болса, денсаулықтарың да мықты болады, ауырмайсындар. – Тиімді тамақтану дегенді қалай түсінесің? Педагог шағын фольклор жанрындағы Оразақын Асқардың «Тамақтанамын» өлеңімен танысуды ұсынады. Өлеңді оқиды.</p> <p>Талқылау: – Өлең қалай аталады? – Не туралы айтылған? – Өлеңдегі қандай сөздер есінде сақталды? Сергіту сәті: Мен жақсы тамақтандым, Сергекпін және күштімін! Көңіл күйім көтеріңкі, Өзімді жақсы сезінемін! Әліппе-дәптермен жұмыс: 1. Педагог балаларға үстел басындағы тамақтану ережесін құрастыруды ұсынады. Тамақтану ережесін есіңе сақта. – Тамақтанар алдында қолыңды жу. – Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды ұмытпа. – Тамақтанғаннан кейін ауызыңды шай. 2. Мақалдың мазмұнын түсіндір: Ас үстінен аттама, Астан үлкен емессің. Педагог балалармен бірге мақалдың мазмұнын талқылайды. Пайдалы тағамдарды көк түспен, зиянды тағамдарды қызыл түспен қоршап белгіле Педагог қорытынды жасайды. – Тамақтанудың ережелерін атаңдар. – Күн тәртібін сақтайсындар ма?</p>	<p>назарын жұмысты орындау ретіне аударып, тапсырманы түсіндіреді. қауіпсіз жұмыс жүргізу ережесі Педагог ҰОҚ барысында қайшымен жұмыс жасаудың қауіпсіздік ережелерін ұдайы ескертіп отырады. Балалардың жұмыс материалдарына ұқыпты қарауын, уақыт пен материалды тиімді пайдалануын қадағалайды.</p> <p>3. Дене шынықтыру Баскетболшыларды жаттықтыру – айналма жаттығу (Ауада) (негізгі қимылдар) Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер Тепе-теңдік – қолға доп ұстап орындық үстімен жүру Қимылды ойын: «Доп кімде?» Мақсаты: қол жылдамдығын, бақылағыштықты дамыту</p> <p>Балалар, қараңдаршы, бізге күн сәулесі шуағын шашып тұр. Қане жаттығу жасап, бой сергітіп алайық. 1. жүру аяқтың ұшымен және жартылай тізені бұғу. 2. еденге тұрып отыру. 3. белгі бойынша жан-жаққа шашырай жүгіру. 4. белгі бойынша бір қатарға тұрып, сап түзеп алға және артқа жүру, оңға, солға бұрылу және залдың ішін айнала жүгіру (5-6 рет) 5.3 қатарға тұру. Күн Жаттығуды түгелдей орындайды. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: *Қарсы қабырғаға дейін допты оң қолмен апару. Бұрылу, қайтадан допты сол қолмен кері алып қайту. Жаттығуды 8 баладан кезекпен орындау. (3 рет) *залдың өң бойымен сапқа тұру. Екі аяқпен бірдей секіріп, қарсы қабырғаға дейін жылжу. Бұрылу, қайтадан кері қарай секіру. (2 рет)</p>	<p>Көкек көкек, көкек деп, Ұшады екен желпілдеп. Мәпелейміз баптаймыз, Биіктерге самғаймыз. Бейбітшілік құс деп, Қай құсты мақтаймыз? (Көгершін)</p>
--	--	---	--	--

	<p>ұйымдастыру. Сергіту сәті: Қар жауыптұр далаға, Қар жауыпты қалаға. Сырғанаймыз енді біз, Отырып ап шанаға. Балалардың аяқталған суреттерін тақтаға іліп қойып, осы әдемі көріністі талқылайды.</p>	<p>игра:«Четвертый лишний» Цель: развить мышление. Организационный момент. дети стоят в кругу. солнце яркое встает Лучики свои нам шлет. руки к солнцу мы протянем, Здравствуй, солнышко – мы скажем! ребята, давайте поздороваемся друг с другом как птички носиками, как рыбки бок о бок, как зайчики хвостиками. Посмотрим друг другу в глаза и улыбнемся. Работа в азбуке-тетради. задание № 1. Для чего эти предметы? Послушай и повтори. Педагог обращает внимание на картинки, предлагает за-помнить предметы и рассказать, для чего они нужны. задание № 2. Чем занимается Берик? А чем занимается Асель? Предлагает рассмотреть картинки и рассказать, чем занимаются дети. Например: Берик катается на велосипеде. Асель прыгает на скакалке и т.д Отгадай загадки. о каких предметах говорится в загадках? Динамическая пауза. раз – согнулись, разогнулись, два – качнулись, потянулись, три – в ладони три хлопка, Головою три кивка. На четыре – руки шире, Пять и шесть – просто сесть, семь и восемь – лень отбросим. задание № 3. Расскажи своему другу, чем ты занимаешься. Например:Я играю с мячом. Я катаюсь на лыжах и т.д. Пальчиковая гимнастика «Пальчик-мальчик». Пальчик-мальчик, где ты был? с этим братцем в лес ходил.</p>	<p>4. Мүсіндеу Тақырыбы: Қарасаң көзің тоймайды,Қыз Жібек қандай тамаша. Мақсаты: Әлем халықтарының ұлттық ойыншықтары мысалында затқа қарап, елестетіп және ойдан құрастырып жапсырып мәнерленген образды сәндеу әдістерін пайдалану (рельеф, илеу, кескішпен ойып алу немесе қырып із салу) Балалар ойыншықтармен танысады және өздеріне таныс ойыншықтардың атауын атап көрсетеді. Ой қорыту. Ойыншықтар бір-біріне ұқсамайтын, әртүрлі тәсілдермен жасалған. Ситуациялық жағдай: Ермек балаларға он саусағынан өнер тамған шеберге айналып, Дымков ойыншықтарының негізінде Қыз Жібектің мүсінін жасау туралы ұсыныс жасайды Ойын-жаттығу: «Айырмашылығын тап». Балалар ою-өрнектердің ұқсастығы мен айырмашылығын тауып, түстерге көңіл бөледі. Балалар ережелерді талқылап, түсіндіреді. «Мүсіндеу алгоритмін түсіндіру және көрсету» Ермек Қыз Жібектің мүсінін мұқият қарап шығып, ойыншықтың қандай бөліктерден тұратынына көңіл бөлуді ұсынады (бас, дене, қолдары, белдемше). Қыз Жібек (сәукеле) пен бойжеткеннің (кокошник) баскиімдерін салыстырыңдар. Сәукеле – казаки ою-</p>	<p><i>Қимыл қозғалыс ойын: «Аңшылар мен аңдар» шарты:Балалардың арасынан 3 аңшы болады ал,қалған балалар аңдар болады.</i> *Жүру ,жүгіру жаттығуы *Дем алу жаттығулары доптар</p> <p>5.В.к. Логика әлемі Тақырыбы: «+» және «-» таңбалары Мақсаты:Заттар тобын салыстыруды үйрету (артық, кем, сонша) «=»белгісі«+» таңбасын заттар тобының бірігуі және«-» таңбасын заттар тобынан азайту ұғымы арқылы түсініп, қолдану. Шуақ шаша,алтын таңда Мөлдір таза ауада. Табиғатта бәрі оянды Оян сенде бар бала! Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жадырайды жүздерің Жарқырайды тобымыз Сәлеметсіңдер ме? Балалар! - Қазір жылдың қай мезгілі? - Күз айларын атайық. - Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады? Балалар бір – біріне жылы жүздерімен сәлемдеседі Алдымен ауызша жұмыс жүргізіледі. 1-ден 5-ке дейін тура және кері санату. Суретпен жұмыс. Тақтаға суреттер іледі, бірнеше балалардан суретте не көріп тұрғанын сұрайды. Яғни бұдан қорта айтқанда, мынадай ұғым қалыптасады. Келді, қосылды, ұшып келді деген сөздерді «+» таңбасымен алмастырамыз. Мысалы: 2+1=3 1+3=4 Ал ұшып кетті, түсіп қалды деген сөздерді «-» таңбасымен алмастырамыз.</p>	
--	---	--	---	--	--

		с этим братцем щи варил. с этим братцем кашу ел. с этим братцем песни пел! задание № 4. Продолжи ряд.	өрнектермен безендірілген әйелдер бас киімі. Мүсіндеу алгоритмін түсіндіру. Балаларға жекелей көмек көрсету. Мүсінші Ермек балаларға жұмыс барысында барынша мұқият, зейінді болу қажеттігін, жұмыс орнында тазалық пен тәртіп сақтау керектігін ескертеді.	Мысалы: 5- 2=3Сергіту сәті Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ. 3-тапсырма. Цифрлар қайда жасырынған? 4-тапсырма. Шаршы үстінде, ал шеңбер астында болатындай етіп боя. Шеңбер үстінде, ал шаршы астында болатындай етіп боя.	
Алақай ойын! Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар	Қимылды ойын: Доп кімде? Мақсаты : шапшаңдыққа , ептілікке, ұқыптылыққа баулу. Топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Дид.қ ойын «Нені қайдан алуға болады?» Мақсаты: Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту.	Дид.қ ойын: «Ненің төлі жоқ?» Мақсаты: Үй жануарларын ажырата білуге, оларды төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу.	Сюжетті рольді ойын «Аурухана» Мақсаты: Ақ халатты абзал жандардың қамқорлығын, мейірімділігін, кішіпейілдігін таныстыру. Балаларды мәнерлеп, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ұжымдық ойнауға тәрбиелеу.	«Сыңарын тап» Мақсаты: Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек	Серуен №6 Торғайларды бақылау Мақсаты: Қыстап қалатын күс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	Серуен № 7 Жаяу адамдарды бақылау Мақсаты: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.	Серуен №8 Итті бақылау Мақсаты: Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу	Серуен №9 Суды бақылау Мақсаты: Күз мезгіліндегі судың жай –күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру.	Серуен №10 Алғашқы қарды бақылау Мақсаты: табиғат өзгерістерін көре білуге үйрету, әдемілікті сезіну.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жанерке , Нәби жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыра білуге үйрету	Аянат, Батыр, Аслан тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең, жылдам, баяу ұғымдарын атайды, өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтай алуына жұмыс жасау	Айару, Рахим , Кәусар үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін, үй құстарын атайды;	10 көлеміндегі сандарды біледі оларды тура және кері санайды	Жазу жаттығулары
Балалардың үйге қайтуы.	Өтілген дыбыстарға байланысты тақпақ, жаңылтпаштар қайталау	Ата-анамен сөйлесу, тақпақтарын ,сандарды қайталау, қадағалау.	Балаларының оқу іс -қызметіне көңіл бөлу керектігін айту.	Ата- аналармен сұхбат. «Тәні саудың- жаны сау»	Өлең, тақпақтар жаттау.

